



**«ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. АУДАРМА: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО - ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

**«ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. ПЕРЕВОД: МЕЖКУЛЬТУРНАЯ
КОММУНИКАЦИЯ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ»**

PROCEEDINGS
OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL
CONFERENCE

**«LANGUAGE. CULTURE. TRANSLATION: INTERCULTURAL
COMMUNICATION IN THE DIGITAL AGE »**



Астана / Astana

24 СӘУІР 2024

24 APRIL 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА



**«ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. АУДАРМА: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»**

**“LANGUAGE. CULTURE. TRANSLATION: INTERCULTURAL
COMMUNICATION IN THE DIGITAL AGE”**

**«ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. ПЕРЕВОД: МЕЖКУЛЬТУРНАЯ
КОММУНИКАЦИЯ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ»**

Астана, 2024

Astana, 2024

ӘОЖ / УДК 80\81

КБЖ / ББК 81.2

Т 93

ISBN 978-601-337-997-5

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Мақыш С.Б.	- Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректоры
Бейсенбай А.Б.	- ф.ғ.к., филология факультетінің деканы
Акижанова Д.М.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының меңгерушісі
Ескиндиrowa М.Ж.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.
Алшинбаева Ж.К.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.
Киманова Л.Б.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы
Ныгманова Д.К.	- магистр, аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы
Акшулакова Б.К.	- магистр, аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы

Халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның серіктестері

- Любляна университеті (Любляна қ., Словения)
- Варшава университеті Қолданбалы лингвистика институты (Варшава қ., Польша)
- Атылым университеті (Анкара қ., Түркия)
- Әзірбайжан тілдер университеті (Баку қ., Әзірбайжан)
- Қоқан мемлекеттік педагогикалық институты (Қоқан қ., Өзбекстан)

Partners of the International scientific and practical conference

- University of Ljubljana (Ljubljana, Slovenia)
- Institute of Applied Linguistics of the University of Warsaw (Warsaw, Poland)
- Atylym University (Ankara, Turkey)
- Azerbaijan University of Languages (Baku, Azerbaijan)
- Kokand State Pedagogical Institute (Kokand, Uzbekistan)

Партнеры международной научно – практической конференции

- Люблянский университет (г.Любляна, Словения)
- Институт прикладной лингвистики Университета Варшава (г.Варшава, Польша)
- Университет Атылым (г.Анкара, Турция)
- Азербайджанский университет языков (г.Баку, Азербайджан)
- Кокандский государственный педагогический институт (г.Коканд, Узбекистан)

ӘОЖ / УДК 80/81

КБЖ / ББК 81.2

Т 93

«Тіл. Мәдениет. Аударма: цифрлық дәуірдегі мәдениетаралық қарым-қатынас» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы = Международная научно-практическая конференция «Язык. Культура. Перевод: межкультурная коммуникация в цифровую эпоху» = International scientific and practical conference «Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age» - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет редакциясы – бет саны 312 – қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдерінде

ISBN 978-601-337-997-5

«Тіл. Мәдениет. Аударма: цифрлық дәуірдегі мәдениетаралық қарым-қатынас» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы, аударма, тіл, мәдениет және мәдениетаралық коммуникация салаларына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, оқытушыларға, аудармашы-практиктерге, білім алушылар мен жас мамандарға арналған. Конференция барысында аударма, тіл және мәдениет, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникация саласындағы зерттеулерді дамытуға байланысты маңызды мәселелер талқыланды. Конференция цифрлық дәуір жағдайында аударма және мәдениетаралық коммуникация саласындағы ғылыми зерттеулер мен практикалық тәжірибені ілгерілетуге ықпал ете отырып, халықаралық ғылыми және академиялық ынтымақтастықты, кәсіби байланыстарды орнату және нығайту мақсатында тәжірибе және білім алмасу үшін бірегей мүмкіндік берді.

Сборник материалов международной научно-практической конференции, на тему **«Язык. Культура. Перевод: межкультурная коммуникация в цифровую эпоху»** предназначен для исследователей, преподавателей, переводчиков-практиков, обучающихся и молодых специалистов, заинтересованных в области перевода, языка, культуры и межкультурной коммуникации. В ходе конференции обсуждались важнейшие вопросы, связанные с развитием исследований в области перевода, языка и культуры, а также межкультурной коммуникации. Конференция предоставила уникальную возможность для обмена опытом и знаниями в целях установления и укрепления международного научного и академического сотрудничества, профессиональных контактов, способствуя продвижению научных исследований и практического опыта в области перевода и межкультурной коммуникации в условиях цифровой эпохи.

The collection of materials of the international scientific and practical conference on the topic **«Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age»** is intended for researchers, teachers, translation practitioners, students and young professionals interested in the field of translation, language, culture and intercultural communication. During the conference, the most important issues related to the development of research in the field of translation, language and culture, as well as intercultural communication were discussed. The conference provided a unique opportunity for the exchange of experience and knowledge in order to establish and strengthen international scientific and academic cooperation, professional contacts, contributing to the promotion of scientific research and practical experience in the field of translation and intercultural communication in the digital age.

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2024

© L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2024

© Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2024

өмір сүру салты, рухани әрі материалдық құндылығы, т.б. болмыс-бітімі ашылған. Әрине, аталмыш карта Қазақстан мен АҚШ елдерінің шынайы, нақты тарихи-мәдени, саяси-экономикалық бейнесін таныта алмайды. Лингвомәдени картаны қазақ жастарының санасында баспасөз ақпарат құралдары (БАҚ), интернет ресурсы, теле-/радио хабарлары және оқыған кітаптары арқылы қалыптасқан тілдік және мәдени бейнесі болып табылады.

Сонымен, оқу үдерісінде Қазақстан & АҚШ елдеріне лингвомәдениеттанымдық эксперимент жасап, лингвомәдени картасын түзудің қажеттілігі мынада деп түйеміз:

- заманауи Қазақстан мен АҚШ елдеріне тілдік саяхат жасау арқылы Қазақ елі жастарының мәдени-танымдық стереотиптерін анықтауға, ұлттардың дүниетанымы мен мәдениетін, әсіресе, ұлттық құндылықтарды тереңірек тануларына жол ашуға мүмкіндік туады;
- мәдениетаралық коммуникация барысында туындауы ықтимал тілдік, мәдени «қақтығыстардың» алдын алуға септесуге болады;
- құрлықтың екінші жағында орналасқан ел жөніндегі білімгерлердің танымдық ізденістерін кеңейтуге мүмкіндік береді;
- білімгерлердің лингвоелтану саласындағы түйсіктерін «сөйлете» отырып, отансүйгіштік, толеранттылық қасиеттерін аша түсуге септеседі.

Қолданылған әдебиеттер

1. Уфимцева Н.В. Русские: опыт еще одного самопознания // Этнокультурная специфика языкового сознания. – Москва, 1996. – С. 139-162.
2. Сорокин Ю.А. Составляющие образа мира: современные русские и китайцы // Язык, сознание, коммуникация. – Москва: Диалог-МГУ, 2000. – Вып. 11. – С. 5-8.
3. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – Москва: Слово/Slovo, 2000. – 261 с.
4. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Дыбыс заңы һәм жүйесі. / А. Байтұрсынұлы – Орынбор. 1923. – 46 б.
5. Қоңыратбаева Ж., Сағадиева З. Мәдениетаралық қарым-қатынас және тіл. – Астана: «Булатов А.Ж.» ЖК, 2018. – 216 б.
6. <https://egemen.kz/article/164756-beshbarmaq-sozi-qam-goloschekinninh-sayqymazaghy> [Кіру уақыты: 26.05.2019]
7. Мырзахметұлы М. Қазақ қалай орыстандырылды? – Алматы: 2010. – 400 б.
8. <https://abai.kz/post/176766> [Кіру уақыты: 26.05.2019]

ҒТАХР 16.21.41

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ФИТОНИМДІК БІРЛІКТЕРДІҢ МӘНІ ЖӘНЕ АУДАРМАДА БЕРІЛУІ

*С.К. Сәтенова¹, С.К. Есимбетова²

Ф.ғ.д., профессор¹, докторант²

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет, Астана, Қазақстан

* [satanova_sk@enu.kz](mailto:satenova_sk@enu.kz)

Аңдатпа. Мақала қазақ тіліндегі фитонимдік бірліктердің алатын орны мен зерттелу тарихы, орыс және ағылшын тілдеріне аударылу амалдары, ерекшеліктері, аударма сапасы тәрізді мәселелерді талдауға арналды. Өсімдік атаулары, олардың құрамы мен құрылымы, мағынасы, қолданылу аясы т.б. әрбір тілде жеке дара зерттеліп келеді. Алайда салыстырмалы, салғастырмалы және аударматанымдық зерттеулер санаулы. Ал олар шетел тілдерін оқып жатқан білім алушылар үшін маңызды. Мақала осы бағыттағы зерттеулердің жалғасы іспеттес. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі номинативті және коннотативті мағынадағы өсімдік атаулары әдеби шығармаларда, аңыздар мен ертегілерде, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерде, яғни тілдің барлық

қатпарларында кездеседі. Мақаланың зерттеу материалы ретінде Ә. Нұрпейстің «Қан мен тер» әдеби шығармасындағы фитонимдік бірліктер іріктеліп алынып, мәні айқындалды және салғастырмалы негізде талданды. Сондай-ақ олардың орыс және ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктері, сәтті аудармалар мен кемшіл тұстары, кейбір фитонимдік бірліктердің аударылмай, назардан тыс қалғандары айқындалды.

Түйін сөздер: фитонимдер, өсімдіктер әлемі, зерттеу, салғастырмалы талдау, аударма

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы истории фитонимических единиц и их роль в казахском языке, способы перевода на русский и английский языки, особенности, качество перевода. Названия растений, их состав и строение, значение, сфера применения и т.д. изучается в каждом языке индивидуально. Однако сравнительных, сопоставительных и переводческих исследований в этой области малочисленны, но они важны для студентов, изучающих иностранные языки. Статья является продолжением исследований в этом направлении. Названия растений с номинативным и коннотативным значением в казахском и английском языках встречаются в литературных произведениях, легендах и сказках, пословицах и фразеологизмах, то есть во всех слоях языка. В качестве исследовательского материала статьи выделены фитонимические единицы в литературном произведении А.Нурпейса «Кровь и пот», определено их значение и был сделан сопоставительный анализ. В статье освещены как успешные переводы, так и недостатки, в том числе фитонимические единицы, оставленные без перевода.

Ключевые слова: фитонимы, флора, исследование, сопоставительный анализ, перевод.

Abstract. The article is devoted to issues as the history of phytonymic units and their role in the Kazakh language, ways of translation into Russian and English, features, quality of translation. Names of plants, their composition and structure, meaning, the sphere of application, etc. are studied individually in each language. However, there are few comparative, contrastive and translation studies. They are important for students studying foreign languages. The article is a continuation of research in this direction. Names of plants with nominative and connotative meanings in Kazakh and English are found in literary works, legends and fairy tales, proverbs and phraseological units, that is, in all layers of the language. Phytonymic units in the literary work of A. Nurpeis "Blood and Sweat" was selected as the research material of the article, their meaning was determined and a comparative analysis was conducted. The article identified the particularities of translating phytonymic units into Russian and English, highlighting both successful translations and their shortcomings, some phytonymic units that were not translated and remained neglected.

Keywords: phytonym, flora, study, contrastive analysis, translation.

Кіріспе.

Қазақ халқының белгілі бір кезеңдерде көшпелі халық болғандығы, оның күн көрісінде мал шаруашылығының маңызды рөл атқарғандығы белгілі. Жүріп-тұруы ғана емес, киер киімі, ішер азығы, жатар төсегі, тұрмысқа қажетті түрлі бұйымдары да төрт түлікпен байланысты болып келгендігі мәлім. Бізді көшпелі халықтың тұрмысында өсімдіктер әлемі қаншалықты маңызды рөл атқарды деген сұрақ ойландырды. Қоршаған ортадағы адамның өмір тіршілігіне қажетті маңызды дүниенің бірі - өсімдіктер. Тақырыпқа қатысты ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, бір қарағанда елеусіз көрінетін өсімдіктер әлемі қазақ және ағылшын халықтарының өмірінде ерекше орын алды деп айта аламыз. Халықтардың жер бетіндегі өсімдіктер дүниесіне тым ерте кезден бастап-ақ зер салып, көңіл қойғандығы, олардың түр-түсін саралап, пайдалы не зиянды екендігін ажырата білгендігі мәлім.

Шағын мақалада барлығын қамту мүмкін емес, сондықтан қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты өсімдіктерге қатысты тілдік бірліктердің зерттелуі мен аудармада берілуін сөз етуді жөн көрдік.

Зерттеу материалдары мен әдістемесі.

Зерттеу материалы ретінде Әбді-Жәмил Нұрпейстің «Қан мен тер» атты трилогиясында кездесетін фитонимдік бірліктер іріктеліп алынып, ағылшын тіліне аударылу амалдары мен аударылу сапасы талданды. Кітаптың бірінші «Ымырт» деп аталған бөлімінде 27 фитонимдік бірліктің қолданылғаны анықталды. Берілген әдеби шығарма ағылшын тіліне орыс тілі арқылы аударылғандықтан, мысалдар үш тілде, яғни, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қарастырылды.

Зерттеу барысында *сипаттама, салыстырмалы, салғастырмалы, сандық* әдістер қолданылды.

Талқылаулар.

Өсімдік атаулары бірқатар ғылыми еңбектерде қарастырылып, диссертациялар қорғалды. Зерделеп қарар болсақ, жарық көрген еңбектердің мақсат-міндеттері әртүрлі, мысалы, бірінде өсімдіктердің атаулары мен түрлері, келесінде олардың жіктелімі мен этимологиясы, шипалық қасиеті т.б. қарастырылған. Осы зерттеулердің бастауында 1388-1478 жылдарда өмір сүрген шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» деп аталған еңбегі тұр деп айтуға толық негіз бар. Өсімдік атауларын, олардың құрылымын, мән-мағыналарын, түп-төркінін тілдік тұрғыдан зерттеген еңбектердің ішінен Б.Қалиевтың еңбегін арнайы атап өткіміз келеді. Сондай-ақ өсімдікке байланысты тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипатын талдаған Ш.Сейітованың, «тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұнын анықтаған М. Күштаеваның, қазақ тіліндегі өсімдік әлемінің лингвомәдени бейнесін саралаған А. Шормакованың, өсімдіктердің халықтық атауларын қарастырған Г. Ұйықбаеваның, қазақ тіліндегі бау-бақшалық аталымдар тобына енетін сөздерге лексикологиялық тұрғыдан талдау жасаған А. Айғабыловтың, терминдер тұрғысынан қарастырған Ш. Күркебаевтың т.б. ғылыми зерттеулерін атауымызға болады. Демек қазақ тіліндегі фитонимдер кең ауқымда, жан-жақты зерттеліп келеді, дегенмен барлық мәселелер шешімін тапты, түгелімен қамтылды деп айту қиындау. Өзара туыс тілдердегі фитонимдердің салыстырмалы зерттелуі де өз алдына бөлек дүние, алайда бұл бағытта түбегейлі зерттеулер жүргізілді деп айта алмаймыз.

Ал қазақ тіліндегі фитонимдер қабаты салғастырмалы және аударматану тұрғысынан қаншалықты зерттелді деген сұрақ өз-өзінен туындайды. Зерттеу барысында неміс және қазақ фитонимдерінің құрамдық, сөзжасамдық, ономазиологиялық және танымдық сипаттарын салғастырмалы тұрғыда зерттеген Г. Омарбекованың диссертациялық жұмысы ғана анықталды. Себебі өсімдіктер мал азығы ретінде ғана емес, сондай-ақ халықтың тұрмыс-тіршілігінде де кеңінен қолданылды. Оларды өз ішінде: *емге қатысты қолданылатын дәрілік өсімдіктер* (жантақ, жалбыз, долана, қалақай, түймедақ, **насыбайгүл**, жолжелкен, қынагүл т.б.), *тағам ретінде пайдаланылатын өсімдіктер* (көкөністер, жабайы жуа, борық, аскөк т.б.), *наным-сенімге қатысты қолданылатын өсімдіктер* (адыраспан), *тұрмысқа қажетті заттарды жасауда қолданылатын фитонимдер* (қарағай, тобылғы, қайың т.б.), *күнделікті тұрмыста қолданылатын өсімдіктер* (алабота, сексеуіл, қалақай т.б. көмегімен сақар, сабын қайнату), *бет-әлпетті әрлеу үшін қолданылатын өсімдіктер* (қына, ойраншөп, рауғаш т.б.) деп жалғастыра беруге болады. Қазақ тіліндегі өсімдікке қатысты халықтың танымын көрсететін *бетегеден биік, жусаннан аласа; мойны ырғайдай; мүйізі қарағайдай; мойыл көз, қарақат көз; қоғадай жапырылу, қынадай қыру* т.б. тәрізді фразеологизмдер мен тәлім-тәрбие беруге негізделген *Жалбызды жерде жан қалады; Қарағайға қарап тал өсер, құрбысына қарап бала өсер; Қына тасқа бітеді, білім басқа бітеді, Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді* т.б. тәрізді мақал-мәтелдер де баршылық.

Осы орайда ғалым О.В. Худенцованың: «Флористикалық фразеологиялық бірліктер мәселесіне қызығушылық өсімдіктер дүниесінің адам үшін маңыздылығына байланысты. Адам әрқашан өзі мен өсімдіктердің арасында ұқсастықтардың барын анықтап, ол тілде көрініс табады. Қайта ойлаудың прототипі ретінде белгілі бір өсімдіктің қасиеттерін таңдау адамның ойлау ерекшеліктеріне, мәдени-тарихи факторларға, елдің географиялық орналасуына және оның саяси құрылымына да байланысты» [1, 12 б.]. деген пайымдауын құптаймыз.

Енді құрамында фитонимдік бірліктері бар сөйлемдерімізді талдайық.

Жағалаудың қамысы жапырыла құлап, топырақ боран, дем арасында дүние алай-түлей болды да кетті [2, 54 б.].

Берілген мысалдағы фитонимдік бірлік *қамыс* сөзі. Суда, ылғалды жерлерде өседі. Негізінен, 250-ден астам түрі белгілі, ал Қазақстанда оның 14 түрі бар. Ең жиі кездесетіні - көл қамысы немесе қоға [3]. Қазақ мәдениетінде қамысты малға азық, тұрмыстық жабдық, отын ретінде, тіпті шаруашылыққа да пайдаланған. Қамыстан салынған үй, мал қора өте жылы, суыққа, ылғалға төзімді болып келеді. Қазақ халқында қамыс сөзімен келетін мақал-мәтелдер де жиі кездеседі. Бұл тағы да оның күнделікті өмірде жиі пайдаланылғанын, мәдениетіміздің бір бөлшегі екендігін дәлелдейді. Сөйлемдегі автор табиғаттың кенеттен бұзылған ауа-райының көрінісін желдің қатты соққандығын *қамыстың құлауымен* байланыстыра ұтымды, әсерлі суреттеген.

Орыс тіліндегі аудармада бұл сөйлем *«Шквал был так резок и внезапно, что поднялась пыль, камыш лег на землю, кругом почернело»* [4,44 б.] деп берілген. Қазақ тіліндегі *қамыс* фитонимдік бірлігі *камыш* деп аударылған және оны дұрыс аударылған деп бағалаймыз. С. И. Ожегов және Н. Ю. Шведованың «Толковый словарь русского языка» атты онлайн сөздігінде «Камыш - высокое водное или болотное растение сем. осоковых» [5] деп берілген. Орыс тіліндегі аудармада мағынасы толық берілген, яғни кенеттен бұзылған ауа-райының көрінісі, қамыстың желдің қатты соққандығынан жерге құлып жатқандығын *камыш лег на землю* деп бейнелі түрде суреттеп тұр, яғни, аударма мәтінінің түпнұсқа мәтініне мәні жағынан сәйкес екендігі айқындалды.

Ағылшын тіліндегі аударманың дәнекер орыс тілі арқылы жасалғандығы жоғарыда айтылды. Ағылшын тіліне бұл сөйлем *«The squall was so sharp and sudden that the dust flew up, the reeds were flattened against the ground, and it turned very dark»* [6, 58 б.] деп аударылған. Ағылшын табиғатында да бұл өсімдік түрінің кездесетіні айқын. Сондықтан аудармашыға *камыш* фитонимдік бірлігінің аударылуы қиындық туғызбаған деп айтуға болады, оны *reeds* деп аударған. *Reeds* сөзіне Кэмбридж сөздігінде *«Суға жақын өсетін шөп тәрізді биік, қатты өсімдік»* деген анықтама берілген [7]. Демек түпнұсқадағы фитонимдік бірлік дұрыс аударылған деген қорытынды жасай аламыз.

Келесі мысал өлең жолдарынан алынған.

Шөп те өлең, шөңге де өлең, өлең де өлең [2, 34 б.].

Берілген мысалда қолданылып тұрған фитонимдік бірліктер: *шөп* және *шөңге*. Қуралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігінде «Шөңге - зат., шөптің, кұрайдың тұқылы» деген анықтама берілген [8]. Шөптің мағынасы жалпыға түсінікті болғандықтан, оған тоқталмаймыз.

Берілген сөйлемде барлық нәрсені, тіпті *шөңге* тәрізді болмашы, елеусіз затты да өлеңге теңеген көңіл күйі көтеріңкі адамның жайдары қалпы ұтымды жеткізілген.

Өлең жолдарының орыс тіліндегі аудармасы - *«И трава – песня, и заноза – песня, и песня – песня!»* [4, 24 б.].

The grass is a song, the splinter is a song and the song is a song [6, 20 б.].

Бұл жерде *шөп* сөзі *трава, grass, шөңге заноза, splinter* деп тікелей аударылып, түпнұсқадағы ой дұрыс жеткізілген деп айта аламыз. Ағылшын тіліне аударма орыс тілі арқылы жасалған, дегенмен орыс тіліндегі аударма дұрыс болғандықтан, ағылшын тіліндегі аударма да түпнұсқа мәтінімен сәйкес келеді.

Алайда **Өлеңді жерде өгіз семіреді; Өз үйім өлең төсегім** деген тәрізді тұрақты тіркестерде **өлең** сөзі мүлде басқа мағынаны білдіретіндігін де ескергеніміз жөн.

Сорпа ішінде тіске жұмсақ бір жапырақ ет бар екен, кәрі әже қызыл иегімен қажан, қос ұрты бұлтылдап, жұта алмай отыр еді. [2, 30 б.]

І. Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінде» **бір жапырақ** фразеологизміне *азгантай, зәредей, бір жұлым* деген анықтама берілген [9]. Автор сорпадағы жұмсақ еттің аздығын, оның көлемін **бір жапырақ** деген бейнелі фитонимдік фразеологизм арқылы ұтымды суреттеген.

В бульоне плавал мягкий кусочек мяса. Бабка помяла его деснами, поваляла во рту, горячо ей было, но и сладко [4, 21 б.]

A soft piece of meat swam in the bouillon. The old woman crushed it with her gums and rolled it in her mouth, as it was hot, but enjoyed its sweetness. [6, 29 б.]

Орыс тіліндегі аудармада **бір жапырақ** тіркесі **мягкий кусочек** болып аударылғандықтан, ағылшын тіліне де сол қалпында аударылған. Әрине түпнұсқадағы фразеологизм арқылы берілген бейнелілік, әсерлілік жоқ, дегенмен сөйлемнің жалпы мағынасы дұрыс жеткізілген деп бағалауға болады. Сондай-ақ екі аудармада да *тісі болмағандықтан жұта алмай отыр* деген ойдың орнына *ыстық, бірақ дәмді* тәрізді түпнұсқада жоқ сөздерді енгізген, аудармадағы *қосу әдісі* қолданылғаны байқалады. Сөйлемнің жалпы мазмұнына нұқсан келмегенімен, түпнұсқада айтылған оймен шектелуге тырысу қажет деп есептейміз.

Ақбала бір жығылып, бір тұрып жазаға жетті. Осы арада, жыңғыл ма, түзген бе, қолына іліккен әлдебір бұтаға жабысып ұстай алды [2, 53 б.]

Ә. Қайраттың «Он тоғызыншы ғасырдың басындағы қазақ тіліндегі өсімдіктер атаулары» деген еңбегінде, *жыңғыл* ағашы орыс тіліне **гребенищик**, ағылшын тіліне **tamarix, galicca** деп аударылған [10, 121 б.]. Сонымен қатар, «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедиясында *жыңғыл* өсімдігі жануарларға азық болатын ащы от қатарына енгізілген [11, 45 б.].

Задыхаясь она ухватилась за косяк и повернулась к морю [6, 43 б.] . Осы сөйлем құрамындағы *жыңғыл* фитонимдік бірлігі *косяк* деп аударылған. С. И. Ожегов және Н. Ю. Шведованың «Толковый словарь русского языка» атты сөздігінде *косяк* сөзіне «Брус дверной или оконной рамы. прил. косячный, -ая, -ое. II. КОС'ЯК, -а, м. I» деген анықтама берілген [12]. Орыс тіліндегі аударма нұсқада *жыңғыл* сөзінің *косяк* деп аударылуын қате деп танымыз, оқиғаның бұрмаланып жеткізілуі байқалады. Сондай-ақ *жыңғыл* өсімдігі атауының орыс тіліндегі баламасы **гребенищик**, яғни, фитонимдік бірлікті нақты баламасы арқылы аударып, оқиғаны нақты суреттеуге мүмкіндік бар.

«Gasping, she grabbed the doorpost and turned toward the sea» [6, 57 б.] деген ағылшын тіліндегі аударма орыс тілі негізінде жасалған, себебі, *doorpost* сөзі орыс тіліне *косяк* деп аударылады. *Жыңғыл* ағашының ағылшын тіліндегі атауы – *tamarix*. *Жыңғыл* негізінен Еуропа, Азия, Африка аймақтарында өсетіндіктен, ағылшын тіліндегі *tamarix* терминдік атауы биологиялық ғылыми зерттеулерде ғана қолданылуы мүмкін. Дегенмен өсімдік атаулары қолданылмаса да айтылған ойды **bush** сөзін қолдану арқылы жеткізуге болар еді.

Сорлы бала сен келгелі жапырағын жайып, бір жасап қалып еді. Ертең тағы жүдеп қалатын болды [2, 87 б.]. Берілген мысалда *көңілі өсу* деген мағынаны білдіретін **жапырақ жаю [жайқалу, жару]** фитонимдік фразеологизмі қолданылған. Түпнұсқада автор қуанған баланың жайдары көңіл күйін жапырағы қаулап өскен өсімдікке теңеп, бейнелі суреттеген.

Видит редко... Завтра увидит, ты уехал, опять тихий станет [4, 80 б.].

He doesn't see you often... tomorrow he will see that you have gone and will become quiet again [6, 99 б.].

Орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармада фитонимдік фразеологизм түсіріліп, аударылмағандықтан, түпнұсқадағы баланың өзін бақытты сезінген көңіл күйі бейнелі түрде берілмеген. Орыс тіліне **жапырағын жайып** тіркесін *с твоего прихода он расцвел, since*

your arrival, he has blossomed немесе *since your arrival, he has flourished* деп жеткізуге болар еді.

Нәтижелер.

Зерттеу нәтижесінде өсімдік әлемінің адам өміріндегі алатын орны, оның маңыздылығы анықталды. Мақалада Ә. Нұрпейістің «Қан мен тер» әдеби шығармасындағы фитонимдік бірліктердің мәні мен аудармада берілуі қарастырылды. Зерттеу барысында сәтті аударылғандары, қате аударылғаны және мүлде аударылмай, түсіріліп тасталғандары анықталды. Бұрыс аударылғандары мен түсірілген тілдік бірліктердің аударма сапасына нұқсан келтіретіндігі айқын.

«Ымырт» атты бірінші бөлім бойынша 27 фитонимдік бірліктің қолданылғаны анықталды. Төменде берілген диаграммадағы пайыздық көрсеткіш бойынша 68% аударылатын тілде баламасы болғанымен, аударылмаған фитонимдік бірліктерге тиесілі, демек ауқымды тобы аударылмаған деген сөз. Ол оқырманның түпнұсқадағыдай әсер алуына, ассоциативті түрде көз алдына елестетуіне кері әсерін тигізеді. Берілген мысалдарда өсімдік атаулары жәй аталмай, нақты бір қосымша мағлұмат, әсер беріп тұрғандықтан, оларды аудару маңызды деп есептейміз.



Қорытынды.

Қорыта айтқанда, жоғарыда аталған халқымыздың тарихынан, мәдениетінен, таным-түсінігінен, күнделікті тұрмыс-тіршілігінен мол мағлұмат беретін, өсімдіктер әлеміне қатысты лексикалық бірліктер мен тұрақты тіркестердің аудармада берілуі мен аударма сапасын анықтау маңызды, өзекті деп есептейміз. Осы бағыттағы зерттеу жұмыстары шетел тілдері, шетел филологиясы мен аударматану мамандықтарында оқитын білім алушыларды ана тіліміздің қыр-сырымен таныстырып қоймай, халықтың ұлттық ерекшеліктерін танытатын тілдік бірліктердің шетел тілдеріне аударылу амалдары, аударма сапасы, аударылмай түсірілуінің себеп-салдары жөнінде түсінігін қалыптастыруға септігін тигізеді деп есептейміз.

Қолданылған әдебиеттер

1. Худенцова О.В. Особенности фразеологических единиц с флористическим компонентом. автореферат дисс. – М., 2008.
2. Нұрпейіс Ә. ҚАН мен ТЕР. Үш кітаптағы роман: Ымырт, Сергелдең, Күйреу. – Алматы: «Книжный клуб баспасы» ЖШС, 2021. - 546 б.
3. <https://www.uniface.kz/interfacts/index.php?post=article&id=246>
4. Нурпеисов А. КРОВЬ и ПОТ. Роман в трех книгах: Семурки. Мытарства. Крушение. / Авторизованный перевод с казахского Ю.П.Казакова. - Алматы: ТОО «Издательство Книжный клуб». 2021. – 640 стр.
5. <https://ozhegov.slovaronline.com/search?s=камыш>
6. Abdi-Jamil Nurpeisov. Blood and sweat. Liberty Publishing House. New York./ Translated from Russian by Catherine Fitzpatrick. 768 p.
7. <https://dictionary.cambridge.org/ru/словарь/англо-русский/reed>
8. Қуралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі.— Алматы: «Сездік-Словарь». 2007
9. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. - Алматы: "Арыс" баспасы, 2007. - 800 б.

10. Қ. Әлімжан. Он тоғызыншы ғасырдың басындағы қазақ тіліндегі өсімдіктер атаулары. /Алматы – 2009./ - 34 б.
11. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі / Энциклопедия 2 том. – Алматы, ТОО «Алем Даму Интеграциясы», 2012. – 736 б.
12. <https://gufo.me/dict/ozhegov/%D0%BA%D0%BE%D1%81%D1%8F%D0%BA>

МРНТИ 16.31.41

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ГРАММАТИЧЕСКИХ ТРАНСФОРМАЦИЙ ПРИ ПЕРЕВОДЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ ТЕОДОРА ДРАЙЗЕРА “THE TITAN”

А.Т. Кондыбаева

старший преподаватель

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

kondybayeva_at@enu.kz

Аннотация. *Статья исследует особенности перевода романа Теодора Драйзера «The Titan», второй части его «Трилогии желания», переведенного В.Н. Курелла и Т.А.Озёрской. Анализ выявил различные грамматические трансформации, такие как замена частей речи и словосочетаний, что сокращает текст без потери смысла. Рассмотрены случаи замены личных форм глаголов на безличные, характерные для русского языка. Примеры перестановок главных и второстепенных членов предложения, а также вводных конструкций, улучшают восприятие текста. Добавление и опущение слов обусловлены контекстом и переводческими решениями, что делает текст более понятным и читабельным. Исследуются также приемы объединения и членения предложений, что способствует улучшению понимания.*

Ключевые слова: *перевод, грамматические трансформации, замена частей речи, перестановка, членение предложений.*

Аңдатпа. *Мақалада Теодор Драйзердің "Титан" романының "Тілек трилогиясының" екінші бөлімінің В.Н. Курелл және Т.А. Озерская аударған аударма ерекшеліктері зерттелінеді. Талдау сөйлеу бөліктері мен сөз тіркестерін ауыстыру сияқты әртүрлі грамматикалық түрлендірулерді анықтады, бұл мәтінді мағынасын жоғалтпай қысқартады. Етістіктің жеке формаларын орыс тіліне тән тұлғасыз формаларға ауыстыру жағдайлары қарастырылды. Сөйлемнің негізгі және кіші мүшелерінің, сондай-ақ кіріспе конструкцияларының мысалдары мәтінді қабылдауды жақсартады. Сөздерді қосу және алып тастау мәтінмен мен аударма шешімдеріне байланысты, бұл мәтінді түсінікті және оқылымды етеді. Сөйлемдерді біріктіру және бөлу әдістері де зерттеледі, бұл түсінуді жақсартуға ықпал етеді.*

Түйін сөздер: *аударма, грамматикалық трансформация, сөйлеу бөліктерін ауыстыру, қайта құру, сөйлемдерді бөлу.*

Abstract. *The article explores the features of the translation of Theodore Dreiser's novel "The Titan", the second part of his "Trilogy of Desire", translated by V.N. Kurella and T.A.Ozerskaya. The analysis revealed various grammatical transformations, such as the replacement of parts of speech and phrases, which reduces the text without loss of meaning. The cases of replacing personal verb forms with impersonal ones, characteristic of the Russian language, are considered. Examples of permutations of the main and secondary members of a sentence, as well as introductory constructions, improve the perception of the text. The addition and omission of words are conditioned by context and translation decisions, which makes the text more understandable and readable. The techniques of combining and dividing sentences are also explored, which helps to improve understanding.*